

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қарашадағы N 1001 Қаулысы

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін 2008 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 3513000000 (үш миллиард бес жүз он үш миллион) теңге (үкіметтік қарыздар бойынша сыйақылар төлемі) бөлінсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2008.12.24 N 1256 Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов